



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жатқан сияқты)

Бірінші:

Бұл індет құс және доңыз тұмаулары сияқты жаппай әлемдік үрей тудырады. Үрей өте тез орын алуы мүмкін, өйткені Эболада қарапайым салқын тиюдегі сияқты белгілер бар: ыстық көтерілу, буындардың ауыруы, бас ауруы және әлсіздік. Жаппай шу кезінде бұрын атын ешкім білмеген фармацевтикалық компания әлемдік сахнаға шығып, өзінде дайын екпе бар екендігін хабарлайды. Бұл дәріні миллиондаған әлем халықтары сатып алып, экономикалық тиімсіз болып көрінген- вирусқа қарсы дәрі жасау жобасынан қомақты пайда көруі мүмкін.

Екінші:

Осындай індетті себеп қылып, «гуманитарлық көмек көрсету» деген ұранды жалау қылып, әр түрлі елдерге әскер кіргізіп, ел арасында жаппай шу орнап жатқан уақытта, сол аймақтан неше түрлі баға жетпес байлықты иемдену немесе елдің ең басты асыл қазынасы – тәуелсіздігіне (жалпы саяси, экономикалық, әскери және т.б.) нұқсан келтіруге болады.

Соңғысы:

Бұл құбылыс алдыңғыларға қарағанда қауіптірек. Қолында мұндай биологиялық қарудан кем түспейтін құрылғы арқылы миллиондаған адамды, халықтар мен елдерді өлімге душар қылдырып, әлем сахнасынан мүлдем алып тастауға болады. Осы сәтте, барлық жан түршігерлік құбылыстар, неше түрлі жарылыстар мен аурулар, артта қалушылық процестері орын алған Африкаға қарап, бұрынғы Кеңес үкіметі басшысы Сталиннің сөзі дәлелденетін сияқты. **Африка шынымен де артық континент пе?**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs103/ru/> - Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының ресми сайты;
2. <http://cassad.net/analytics/918-ebo-lozh-zhitel-gany-podtverzhdet-iskusstvennoe-proishozhdenie-epidemii-ebola.html> КАССАД ақпарат-талдау орталығы;
3. <http://www.mk.ru/social/2014/12/03/chislo-umershikh-ot-likhoradki-ebola-v-mire-prevysilo-6-tys-chelovek.html> Московский Комсомолец ресми сайты;
4. <http://24.kz/ru/news/in-the-world/item/30847-kanada-razrabotala-unikalnuyu-vaktsinu-protiv-eboly> 24 кз сайты;
5. http://www.rubaltic.ru/blogpost/ebola_20102014/#t20c RuBaltic.Ru талдау порталы;

6.2 Регионоведение

ӘОЖ 327: 32.001(4)

ЕУРОПАДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ӨРШУІ

Аблезова Азиза Нурлановна

aziza_ablezova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.А.Шадаева

Бүкіл дүниежүзінде болып жатқан көкей кесті мәселелердің қазіргі таңдағы саясаттағы алар орны, оған деген байланысы ерекше ықпал етеді. Ғаламдық қарастырылып отырған саяси үрдістің мәселелер топтамасы негізінде қарастырғым келіп отырғаны бұл өз тәуелсіздігін алу негізіндегі автономиялық аймақтардың бөлініп шығу, егемендік алу жайлы

болмақ. Халықаралық саясатта әлемдік дамудың негізгі бағыттары әрдайым басты назарда болатыны белгілі. Егер зер сала қарасақ дүниежүзінің саяси картасының құрылысы өте күрделі. Ондағы алып жатқан мемлекеттердің әрқайсысының өзіндік орны бар. Мемлекеттердің көпшілігі бір – бірімен шекаралас жатыр. Саяси шекараның сипаты іс жүзінде мемлекеттік шекара бола бермейді. Ол халықаралық келісім бойынша, уақытша жасалатын шарт, яғни демократиялық шекара. Соңғы кездері территориялық шекаралық мәселелер дүниежүзінің көптеген аудандарында күрделі, әсіресе, мемлекетаралық және ұлтаралық шиеленістің етек алуына әкеп соқтыруда.

Дүниежүзінің саяси картасына жиі болып отырған өзгерістер көпке аян, олардың ең бастысы: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, олардың саяси статусындағы өзгерістер, мемлекеттердің бір – бірімен қосылуы, бір елдің екінші елдің құрамына кіруі, мемлекеттің астанасының өзгеруі, мемлекеттік басқару формасының өзгеруі, т.б. Осы аталған элементтердің барлығы халықаралық саясаттағы өзгерістердің негізі болып саналады. Мемлекеттердің мемлекеттік құрылымдары әр түрлі қалыптасқан, тарихи жағдайларға байланысты бір мемлекетті бірнеше әкімшілік-аумақтар құрайды. Уақыт өте келе әр аумақ өзінің тәуелсіздігін алуға ұмтылады. Әр мемлекет өз егемендігі, өзін-өзі басқару құқығы болуын, өзінің тілі және тәуелсіз мемлекетке тиесілі барлық құқықтарын қалайды [1].

Бұл үрдіс әр түрлі жағдайға байланысты болуы мүмкін. Өзіміз жақын арада көрген Шотландияның тәуелсіздік алу жолындағы референдум, Украинадан бөлінген Донецк, Луганск, Крым Республикаларының барлығы Еуропадағы сепаратизмнің айқын көрінісі.

Мемлекеттердің бөлінуі халықаралық саясатқа үлкен әсерін тигізеді. Жаңа мыңжылдықтың табалдырығында тұрып тәуелсіздік алған елдердің қай-қайсысына болса да оңай тиген жоқ. Тіпті қарулы айқасқа бармай, істі заң жүзінде жүзеге асырған елдердің өзін-де дау-дамайлар, күрделі саяси тартыстар орын алды. Мамандар есебінше, қазіргі әлемде тәуелсіздік үшін жан-жақты күрес жүргізіп жатқан 50 аймақ бар. Жалпы көлемі 12,7 млн шаршы шақырымды алып жатқан бұл қауіпті территорияларды мекен етуші халықтың саны 22 млн адамды құрайды. Сепаратизм ошақтарының пайда болуы тек этникалық себептермен байланысты емес, ол діни және әлеуметтік-экономикалық факторлар, минералды ресурстарды бөліске салу мәселесімен де тікелей байланысты [2].

Сепаратизм - жікшілдік, оңашалануға тырысушылық. Халықтың мемлекеттен бөліну әрекеті сепаратизм деп түсіндіріледі. Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығуға немесе автономия алуға ұмтылады. Ұлт-азаттық қозғалыстан ерекшелігі - оның жалпыхалықтық, бұқаралық сипаты болмайды, ол ұлттың бір бөлігінің мүддесін қамтиды. Сепаратизм территориялық қақтығыстың тудыратын бірден бір фактор болып табылады. Сепаратизм – белгілі бір саяси топтардың өздері өмір сүріп отырған мемлекеттен жеке мемлекет ретінде бөлініп шығуға немесе сол мемлекетке тиесілі территорияны басқа бір мемлекетке қосуға ұмтылушылығы [3].

Жоғары айтылып кеткендерге мысал ретінде қазіргі кездегі Шотландияның Ұлыбританиядан бөлінуге деген талпынысын қарастырсақ болады. Шотландия–Ұлыбританиядағы тарихи аймақ. XIX ғасырдың ортасына дейін тәуелсіз мемлекет болды. Ұлыбритания аралының солтүстік бөлігінен және оған жанасып жатқан ұсақ аралдардан, сондай-ақ Гебрид, Оркней және Шотланд аралдарынан құралады. Шотландия Ұлыбританиядан бөлініп, тәуелсіз мемлекет атануы бойынша 18 қыркүйек 2014 жылы өтекен референдум. Шотланд үкіметі мен Біріккен Патшалық үкіметі арасындағы келісім бойынша Шотландия тәуелсіздігі туралы заң 2013 жылдың қарашасында қабылданды. Референдум қорытындысы елдің тәуелсіздік алуына алып келсе, Қабылданған заңда Шотландия 2016 жылдың 24 наурызында дербестігін алуы тиіс болды. Шотландияда дербестік мәселесі қашан да экономика тұрғысынан шешіліп келді. 1707 жылы Шотландия Ұлыбритания корольдігіне кірген кезде де осылай болды. Бірінші орынға экономика қойылды және мәселе екі елдің парламент өкілдерінің келіссөздері арқылы, яғни демократиялық жолмен шешілді.

Шотландиядағы тәуелсіздік туралы референдум демократияның нағыз шыңы болды.

Расында демократия тәуелсіздікті шартты ұғымға айналдырады. Мәселен, Ұлыбританиядан бөлінген күннің өзінде Шотландия бәрібір Еуроодақ атты үлкен бірлестіктің құрамында болар еді. Мұнда да бәрі Ұлыбритания мемлекетіне ұқсас: саясат пен экономика ортақ, ешкім мәселені жалғыз шешпейді. Барлық шешім демократиялық жолмен қабылданады. Яғни Ұлыбританияда болдың не, Еуроодақта болдың не, бәрібір. Немесе Ұлыбритания құрамындағы Шотландия мен Еуроодақ құрамындағы Ұлыбританияның бөлендей айырмасы жоқ. Осындай себептерден Испанияда Баск елінің, Францияда Корсиканың, Италияда Венецияның, Бельгияда фламандтардың азаттық идеясы жеткілікті қолдауға ие бола алмай отыр.

Референдум қорытындысы жария етілгеннен кейін Ұлыбританияның Премьер-Министрі Дэвид Кэмерон Шотландия өкілеттігі кеңейетіндігіне уәде берді. Бұған қоса, британдық премьер Лондонның шотландық үкіметке салық, бюджет шығыстары және әлеуметтік қамту салаларындағы өкілеттікті беру туралы өз міндеттемелерін толығымен орындайтындығын мәлімдеді.

Көптеген елдердің, оның ішінде Еуроодақ пен НАТО-ның басшығы да Шотландия қабылдаған шешімді құптап отыр. Мәселен, Еурокомиссия төрағасы Ж.Баррозу: «Мен шотланд халқының Біріккен Корольдіктің тұтастығын сақтау туралы шешімін құптаймын. Бұл нәтиже біріккен, ашық және қуатты Еуропа үшін өте жақсы. Мұны Еурокомиссия да қолдайды», - деді.

Ал НАТО Бас хатшысы Андерс Фог Расмуссен НАТО-ның шотланд халқының таңдауына құрметпен қарайтындығын айтуда. «Ұлыбритания НАТО-ны құрушылардың бірі және ол біздің альянстың күш-қуатын одан ары сақтауда маңызды рөлге ие бола беретіндігіне сенімдімін», - деді ол. Қазіргі нәтижелер бойынша Шотландияның басым бөлігі азаттықтан бас тартқаны анықталып отыр [4].

Бұл өңір Ұлыбританиядан бөлініп, жеке отау тігер болса, онда Еуропадағы бірқатар елдің жік-жік бөліну қауіпін жақындата түсері айқын жай еді. Мәселен, шотландықтар егемендігін алып, тәуелсіз ел ретінде әлемдік тарихтан мығым орын алған жағдайда испандық каталондар мен баскилер, бельгиялық фламандықтар, британдық ирландықтар да осы жолды таңдауы бек мүмкін еді.

Осыдан көріп отырғанымыздай егер бір аумақтың мемлекеттен бөлініп кетуі, басқа мемлекеттерге үлкен әсерін тигізуі мүмкін, тіпті болмаса сол мемлекет ішінде азаматтық соғыс белең алу мүмкіндігі туады. Сепаратизмге ұмтылып отырған барлық мемлекеттерге жаңа жол, жаңа мүмкіндіктер ашылуы ықтимал. Ал бұл жағдай халықаралық саясатқа өзінің үлкен кері әсерін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мәшімбаев, Серік. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.) : оқулық / С. М. Мәшімбаев. - Алматы : Заң әдебиеті, 2008. - 169 б.
2. <http://www.inopressa.ru/article/15sep2014/ft/separatism.html>
3. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
4. <http://www.bbc.com/news/uk-scotland>

ӘОЖ 327 (51)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТТАРЫ: САРАПТАУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ

Атаева Токжан Тасболатқызы

jan_92.17@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Аймақтану мамандығының І курс магистранты

Астана / Қазақстан

Ғылыми жетекші-Қилыбаева П.Қ.